

А. С. Асқарова, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу институтының криминологиялық мәселелерді зерттеу жөніндегі орталықтың ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының полиция қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің жалпы сипаттамасы көрсетіліп, полиция қызметкерлерінің мүліктік құқығын дұрыс қолдану және тәртібі туралы түсіндірілген.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, полиция қызметкері, мүліктік құқық.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте барлық елдерде ерекше мән беріледі. Сыбайлас жемқорлық — ұлтаралық мәселе. Бұл проблема мемлекеттің саяси құрылымы мен экономикалық деңгейіне қарамастан, барлық елдерге қатысты¹. Бұған себеп болып отырған сыбайлас жемқорлықтың қоғамға қауіптілігінің өршіп кетуі. Мұндай өзгерістердің болуы, әрбір елдің кез келген салаларына, ұлттық қауіпсіздігіне кері әсерін тигізіп, мемлекеттің дамуына кедергі жасайды. «Құқық қорғау органдары туралы» Қазақстан Республикасы заңының 3-бабында құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады деп көрсетілген². Аталған қызметтердің ішінде, аталмыш мәселені ішкі істер органдарына, яғни полиция қызметіне қатысты қарастырамыз. «Трансперенс Интернешнл» компаниясының зерттеулерінің нәтижесінде Грузия, Мексика, Молдова, Нигерия, ОАР, Ресей, және Украина елдерінің полиция қызметтері аса жемқорлы болып танылған. Біздің елде сол қатарда. Қылмыстылықпен күресу, халықты қорғау полиция қызметкерлеріне жүктелген, сондықтан да олардың құқықтары, міндеттері, мүдделері айтарлықтай көбіректеу. Полиция қызметкерлері арасында жасалатын сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі өте жоғары және олар билік атынан халықпен жұмыс істейді, халық полиция қызметкерлеріне сенім артады, ал полициядағы сыбайлас жемқорлықтың артуы ел арасында сенімсіздік тудырып, мемлекеттік биліктің беделін түсіруге әкеледі.

Елімізде қылмыстық-құқықтық заңнаманы жетілдіру аясында 2014 жылғы шілде айында Қазақстан Республикасы ҚК-нің жаңа жобасы қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды күшіне енді. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 3-бабының 29-тармағында сыбайлас жемқорлық қылмыстар ұғымы деп, осы Кодекстің 189-б. 3-б. 2-т., 190-б. 3-б. 2-т., 215-б. 2-б. 3-т., 216-б. 2-б. 4-т., 217-б. 3-б. 2-т., 218-б. 3-б. 1-т., 234-б. 3-б. 1-т., 249-б. 3-б. 2-т., 307-б. 3-б. 3-т., 361-б., 362-б. 4-б. 3-т., 364-б., 365-б., 366-б., 367-б., 368-б., 369-б., 370-б., 450-б., 451-б. 2-б. 2-т. және 452-б. қарастырылған әрекеттер танылады. Қазақстан Республикасы ҚК-не сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қылмыстық жауаптылық күшейтілген. Мысалы, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 50-бабының 2-бөлімінде сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы міндетті түрде тағайындалып және өмір бойы айналысуға тыйым салынады деп көрсетілген. Осылайша, бұл қылмыстар үшін жауаптылық күшейтілген.

Қазақстан Республикасы полиция қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес «Құқық қорғау қызметі туралы», «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы» «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына, нормативтік құқықтық актілеріне және жүйелік, ведомстволық бағдарламаларға сәйкес

жүзеге асады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасымен қатар, Ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасаудың 2014-2015 жылдарға арналған ведомстволық бағдарламасы іске асырылуда. Осы бағдарламаның негізгі міндеттері болып: ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру, заңдылықты, азаматтардың конституциялық құқықтарын және қызметтік тәртіпті бұзудың алдын алу, кадр және тәрбие жұмысын жетілдіру, қоғамда ішкі істер органдары қызметкерінің оң имиджін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру болып табылады³. Полиция жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың және жоғары аталған жоспардың негізгі бағыттарын Өзіндік қауіпсіздік департаменті мен оның бөліністері жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте ІІМ Өзіндік қауіпсіздік департаменті (әрі қарай — ӨҚД) мен оның бөліністерінің негізгі міндеті нақты сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтау ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен шарттарды жою, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады⁴. Сондықтан ӨҚД-мен сыбайлас жемқорлық қылмыстарын алдын алуға әсіресе көп көңіл бөліп, ауыр зардаптардың болдырмауына жол бермеулері қажет.

Қазақстанда электрондық үкіметтің пайда болуынан бастап, ІІМ ресми сайты да жұмыс жасауда. Бұндай сайттың болуы, жалпы ІІО қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұл сайт екі тілде қызмет атқарады. Онда ІІО-ның бөліністерімен жасалынып жатқан жұмыстардың нәтижелерін, есеп берулерін көруге болады. Сонымен бірге азаматтар өздерінің арыздарын, өтініштерін министрдің блогына тікелей жаза алады. Сол сияқты, ӨҚД тоқсан сайын полиция қызметкерлері бойынша атқарған қызметі туралы есеп береді және бұл есеппен ІІМ сайтында кез келген азамат таныса алады.

Ішкі істер органдары жүргізетін құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру, олардың ашық болуына қол жеткізу, жұртшылықпен байланыста болу мақсатында, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік биліктің қызметіне тиімді бақылау жасауын жүзеге асыру үшін 2007 жылғы 13 сәуірде Ішкі істер министрінің жанынан Полицияның қызметін бақылау жөніндегі Қоғамдық Кеңес құрылды және ӨҚД бұл Кеңестің жұмыс органы болып табылады. Сонымен бірге бұл кеңестің құрамына қоғамдық қайраткерлер, мұндай кеңестер ІІД-нің жанында құрылған. Бұл кеңестер өз алдына сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресін жүргізуде.

Ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлықпен күресуде құқық қорғау органдарының ішінде аса маңызды орын алатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, 2014 жылғы 29 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің № 900 жарлығымен бекітілген. Бұл мемлекеттік орган сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу мен тергеу функцияларын жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу жолында міндетті түрде полицейлердің адамгершілік-этикалық негіздеріне ерекше көңіл бөліну керек. Әрбір қызметкер жұмысына деген оң көз-қарасын, кәсіби этика нормаларының сақтауын, азаматтармен араласу мәдениетін, мамандығын өз бойында жетілдіруі қажет. Бұл қатынастар Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің Ар-намыс кодексімен реттелінеді.

Сол сияқты Республиканың ішкі істер органдары үшін кадрларды таңдау қажетті мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта полиция кадрларын, осы жүйенің басқа да қызмет кадрларын іріктеп жинау қиын екені белгілі. Кейде ішкі істер органдарына икемділігі жоқ кездейсоқ адамдар жұмысқа орналасады, осыдан барып келешекте олар пайдақор ниетімен құқық бұзу мен қылмыс жолына түседі⁵. Осындай қызметкерлер сыбайлас жемқорлық қылмыстарға жақын болады.

Мемлекеттік органдардың арасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда, С. С. Ақылбеков мемлекеттік қызметкерлерге қатысты келесідей қызметпен айналысуға тыйым салынатындығын айтады:

- өзі тікелей немесе сенімді тұлғалар арқылы кәсіптік қызметпен айналысуға;
- егер заңмен қарастырылмаса немесе заңнамада бекітілген тәртіпке сәйкес басқару құқығы берілмесе, коммерциялық басқару мекемелер органдарының мүшесі болуға;
- өзі қызмет атқаратын немесе оған тікелей бағынышты не қадағалау жасайтын мемлекеттік қызметтегі тыйым салуларды анықтап көрсеткен;
- педагогикалық, ғылыми және басқа да шығармашылық қызметтен өзге, ақылы органдарда үшінші тұлғалардың сенімді тұлғасы не өкілі болуға;
- материалдық-техникалық, қаржы және ақпараттық құралдарды, басқа да мемлекеттің мүлігі мен қызметтік ақпараттарды қызметтік емес мақсаттарда қолдануға;
- мемлекеттік қызметкердің шығармашылығы үшін ақылы төлемдер алуға;
- лауазымдық міндеттерді орындаумен байланысты, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан сыйақылар (сыйлықтар, ақылы марапаттаулар, демалыс, көліктік шығындарды төлету, басқа да сыйақылар) алуға;
- халықаралық келісімдерге сәйкес немесе шетелдердің мемлекеттік органдарымен билік органдарының өзара келісімі бойынша қызметтік іссапарлардан басқа, физикалық және заңды тұлғалардың төлеуімен шетелге іссапарға шығуға;
- қызметтік жағдайын қолданып, саяси, қоғамдық, оның ішінде діни бірлестіктерге ену үшін насихаттауға⁶.

Бұл тыйым салулар полиция қызметкерлеріне де тікелей қатысты. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңының 17-бабының 2-бөлімінде: қызметкердің сенімгерлікпен басқаруға берілген мүліктен, оның ішінде сыйақы, дивидендтер, ұтыстар түрінде табыс алуға, мүлікті жалға беруден және басқа да заңды көздерден табыстар алуға құқығы бар екені туралы ұмытпайық. Яғни, қызметкерлер заңды жолмен алынған иелігіндегі мүлікті, мысалыға пәтерді, өз атынан нотариатты сенімхат жазып, жалға тапсыра алады және одан түскен пайданы иемдене алады⁷. Бұл әрекет міндетті түрде рәсімделуі тиіс.

Өкінішке орай, полиция қызметкерлерінің арасында, мүліктік құқығы бар екені туралы білмейтіндер де кездеседі. Сөйтіп, мүлікті жалға беру арқылы тапқан пайдаларын жасырып, салық төлеуден жалтарады. Әрине қызметкерлердің мұндай заңға қайшы әрекеттерін, сыбайлас жемқорлыққа жатқызамыз. Бірақ қызметкерлердің бұл құқықты білмеудің түсіндірмесі де бар. Айтылып жатқан мүліктік құқық «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 17-бабында, яғни қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулердің арасында аталып кеткен. Сондықтан қызметкер бұл мүліктік құқықты шектеу ретінде қабылдап, өзінің заңды құқығына аса мән бермейді. Полиция қызметкерінің мүліктік құқығы маңызды және бұл құқықты дұрыс қолдануды білуге тиіс.

Мүліктік құқық — иеленушінің өз шаруашылық аясындағы мүлікті тікелей қолдану арқылы мүддесіне жетуді қамтамасыз ететін заңды мүмкіндігі⁸.

Біздің пікірімізше, 2011 жылғы 6 қаңтарда қабылданған «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 17-бабының 2-бөлімінде көрсетілген қызметкердің сенімгерлікпен басқаруға берілген мүліктен, оның ішінде сыйақы, дивидендтер, ұтыстар түрінде табыс алуға, мүлікті жалға беруден және басқа да заңды көздерден табыстар алуға құқығын осы заңның 15-бабына, яғни қызметкерлердің құқық қорғау қызметін өткеруге байланысты құқықтарға ауыстыру қажет. Заңды осындай кейіпте қалыптастыру, заңдық қисынға сәйкес келеді және қызметкерлердің дұрыс түсінуіне септігін тигізеді. Осындай заңды бағыттар бастау алса, полиция қызметкерлердің құқықтары реттеліп, материалдық жағдайларын заңды жолмен жақсартуға жол беріп, ал сыбайлас жемқорлықты тудыратын жағдайлардың алдын алуға әбден болады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қосымша табыстарды алуға болатын мүмкіндіктері туралы сұрақты заң ғылымдарының кандидаты Б. А. Құлмұханбетова қарастырған және оны заң жүзінде қалай қолдануға болатын ретін де көрсетіп кеткен:

- мүлікті сенімгерлікпен тапсыру келісімшарттын нотариалдық түрде тіркеу;

– 10 күннің ішінде тіркелген келісімшарттың көшірмесін жұмыс орнындағы кадр қызметіне тапсыру;

– мүлікті тапсырған тұлға 240.00 формасымен салықтық есеп береді де, түскен табыстың 10 % мөлшерде салық төлейді;

– қызметкер жеке табыс салығы бойынша және мүліктік табыс алғаны үшін декларацияны жылдың 31 наурызына дейін тапсыруы тиіс⁹.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестер қандай да болса нәтиже әкеледі деп сенеміз. Дегенмен де сыбайлас жемқорлық та ауыздықталмай, қоғамның өзгеруіне байланысты, мемлекетімізбен қатарласып дамып, кез келген ортаға және жағдайларға сіңісіп, дағдыға айналып келеді. Осыған орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан мемлекет саясатының кемшіліктерін ескеріп, осы бағытта дамыған елдер тәжірибелерінен үлгі ала отырып, заңнамамыздың осал тұстарын одан әрі жетілдіріп, саясатымызды нығайтуымыз қажет.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены первостепенные меры по противодействию коррупции в деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан, уделено внимание порядку и правильному применению имущественного права сотрудников органов внутренних дел.

RESUME

The article painted with primary measures to combat corruption in the activities of the Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan. Also considered the procedure and the correct use of the property rights of police officers.

-
- 1 Кузнецов Ю. А., Силинский Ю. Р., Хомутова А. В. Российское и зарубежное законодательство о мерах
2 противодействия коррупции. — Владивосток, 1999. — С. 98-102.
- 3 Қазақстан Республикасы «Құқық қорғау органдары туралы» № 380 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы //
4 [Электрондық қор] / Кіру тәртібі: <http:// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380 //> - Соңғы кіру
5 23.12.2014 ж.
- 6 Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасаудың 2014-
7 2015 жылдарға арналған ведомстволық бағдарламасы [http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/](http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/mvd_page/mvd_Voprosy_protivodeystviya_kor/) mvd/ mvd_page/
8 mvd_Voprosy_protivodeystviya_kor/
- 9 Әбдірахманов Қ. К. Ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлық көріністердің алдын алу. — Астана,
2008. — 73-77-б.
- Сейдығалиев Т. Р. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары полиция қызметкерлерінің кәсіби
беделін арттырудың кейбір мәселелері // Қылмыстылыққа әсер ету жүйесін жетілдірудің қазіргі заманғы
проблемалары: «Қазақстан – 2030» стратегияның 5 жылдығына арналған: Халықарал. ғыл.-тәжір. конф.
мат. — Қарағанды, 2002. — 226-227-б.
- Ақылбеков С. С. Коррупция в органах государственной власти и управления: криминологические и
уголовно-правовые аспекты: Дис. ... канд. юрид. наук. — Караганда, 2007.
- «Құқық қорғау органдары туралы» Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380 Заңы //
[Электрондық қор] / Кіру тәртібі: <http:// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380 //> — Соңғы кіру
23.12.2014 ж.
- Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет // kk.wikipedia.org/wiki/Мүліктік_құқық
- Құлмұханбетова Б. А. Возможности сотрудников правоохранительных органов в получении дополни-
тельных доходов в казахстанской системе права // ҚР ПМ ҚА Хабаршысы. — 2013. — № 2-3. — С. 79-81.